

**«О.Әлібаев атындағы ЖББМ» КММ базасындағы жетекші мектебінің
2025-2026 оқу жылында атқарылған ғылыми-әдістемелік және шығармашылық
жұмысының есебі**

Мектебіміз 2025-2026 оқу жылында жетекші мектеп ретінде жұмысын жалғастыруда, серіктес мектептер бойынша (Манадыр НОМ, №144 НОМ және Жомарт БМ.) өзгеріс жоқ. Жылдық жұмыс жоспары төмендегідей мақсат-міндеттерді қамтиды:

Мақсаты:

- тиімді идеяларға қол жеткізу мақсатында мұғалімдердің кәсіби деңгейін көтеру;
- табысты педагогикалық тәжірибелерді тарату;
- біріккен ақпараттық орта қалыптастыру және әдістемелік қор жинақтау.

Міндеттері:

- заманауи білім беру жағдайында оқушылардың сапалы білім алуына қолайлы орта құру;
- серіктес мектеп мұғалімдерімен іс-тәжірибе алмасу өнімділігін арттыру;
- педагогтердің кәсіби құзіреттіліктерінің дамуына ықпал ету, жағдай жасау.
- оқу-тәрбие процесінде ғылыми-әдістемелік іс-шаралардың нәтижелі түрде жүзеге асуын қамтамасыз ету.

Жалпы қорытындылай келсек, 2025-2026 оқу жылындағы мектеп оқушылары мен пән мұғалімдерінің пәндік және ғылыми-шығармашылық бағыттағы жетістіктері:

Олимпиадалар мен байқаулар бойынша жетістіктер:

1. **«Алтын сақа»** математикалық олимпиадасының аудандық кезеңіне 3-4 сыныптар бойынша 6 оқушы, 5-6 сыныптар бойынша 6 оқушы, барлығы 12 оқушы қатысып, 4 оқушы ІІІ дәрежелі дипломдармен және грамотамен марапатталды. Пән мұғалімдері Сакенова Р.Ж., Альжанова С.Б., Жуанышбаев Е.О., Утибаева Б.Б., Абишева Д.О., Желибаева Н.Б.
2. **«Алтын түлек»** 10-11 сынып оқушыларына арналған республикалық математикалық олимпиадасының аудандық кезеңіне барлығы 4 оқушы қатысып, 2 оқушы ІІІ дәрежелі дипломмен марапатталды. Пән мұғалімі Желибаева Н.Б.
3. **«Ауыл дарын»** 9-11 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиадасының аудандық кезеңіне барлығы 31 оқушы, облыстық кезеңге 8 оқушы қатысып, 4 оқушы жүлделі орындарға ие болды, оның ішінде 2 оқушы республикалық кезеңнің ІІ орын жеңімпазы және қатысушысы. Пән мұғалімдері Кожабоева Б.М., Мусеева М.А., Кутжанова А.А.
4. **5-6 сынып** оқушылары арасындағы РО аудандық кезеңіне 12 оқушы қатысып, 2 оқушы І орынмен облыстық кезеңге өтіп, 1 оқушы ІІІ орынмен марапатталды. Облыстық кезеңге өткен екі оқушы ІІІ орынға ие болды. Пән мұғалімдері Кульмаганбетова М.Ш., Оразбек А., Аскарова М.К.
5. **7-8 сынып** оқушыларына арналған РО аудандық кезеңіне барлығы 15 оқушы қатысып, 5 оқушы жүлделі орындарға ие болып, 2 оқушы облыстық кезеңге өтті. Облыстық кезеңнен 1 оқушы ІІ орын иегері және республикалық кезеңге жолдама алды. Пән мұғалімдері Жантурсынова К.М., Карагойшинова К.М., Құтжанов И.А., Мустакова Д.Ж., Каратаева Т.К.
6. **9-11 сынып** оқушыларына арналған РО аудандық кезеңіне барлығы 15 оқушы қатысып, 5 оқушы жүлделі орындарға ие болып, 1 оқушы облыстық кезеңге өтті. Пән мұғалімдері Мамина А.И., Аликаримов С.А., Жантурсынова К.М., Кульмаганбетова М.Ш., Оразбек А.

7. «IQanat» 8 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиадасының аудандық кезеңіне 6 оқушы қатысып, 2 оқушы облыстық кезең қатысушысы.
8. «ProEco» 5-8 сынып оқушыларына арналған экологиялық жобалар конкурсына 1 оқушы қатысып аудандық және облыстық кезеңнен I орынды, республикалық кезеңнің сертификатын иеленді. Пән мұғалімі Кулжанбекова А.М.
9. «2-4» сыныптарға арналған аудандық математикалық олимпиаданың мектепшілік кезеңіне барлығы 69 оқушы қатысып, аудандық кезеңге 11 оқушы өтті. Аудандық кезеңнен 7 оқушы, оның ішінде 2 оқушы I, 3 оқушы II және 2 оқушы III орындарды иеленді. Пән мұғалімдері Жумагулова А.А., Сакенова Р.Ж., Абишева Д.О., Утибаева Б.Б., Серикова Н.Е.
10. «Менің шағын Отаным» VII республикалық интеллектуалдық конкурсының аудандық кезеңіне 2 оқушы қатысып, 2 орынды иеленді. Пән мұғалімі Оразбек А.
11. «Ақберен» шығармашыл оқушылар арасындағы өнер байқауының аудандық кезеңіне барлығы 5 оқушы қатысып, 1 оқушы I, 1 оқушы II және 2 оқушы III орындармен марапатталып, облыстық кезеңге 1 оқушы өтті. Пән мұғалімдері Мусеева М.А., Жантурсынова К.М., Оразбек А. Жолдама алған оқушымыз облыстық кезеңнен 1 орын, республикалық кезең сертификатын иеленді, Пән мұғалімі Жантурсынова К.М.
12. «7-8 сынып» оқушыларына арналған биология пәнінен академик «Е.Шаханов» атындағы аудандық олимпиадаға 2 оқушы қатысып, жүлделі I орынды иеленді. Пән мұғалімі Кожабаяева Б.М.
13. «Ақбота» жалпы білім беретін пәндер бойынша 1-10 сынып оқушыларына арналған республикалық зияткерлік олимпиадасына гуманитарлық және жаратылыстану бағытындағы пәндерден оқушылар пән мұғалімдерінің таңдауымен қатысып жүлделі орындарды иеленді.
14. «Алтын тұғыр» бастауыш сынып мұғалімдерінің республикалық математикалық олимпиадасының аудандық кезеңіне 2 мұғалім қатысып, Темешбаева Р.Е. жүлделі III орынмен марапатталды.
15. «Invent - жоба» ер мұғалімдер арасындағы аймақтық байқауға тарих пәні мұғалімі Оспан А.Б. қатысып жүлделі III орынды иеленді.

Ғылыми-әдістемелік жұмыс

✓ Ғылыми қоғам жұмысы бойынша жалпы білім беретін пәндер бойынша 8-11 сынып оқушыларына арналған ғылыми жобалар конкурсының аудандық кезеңіне 3 оқушы қатысып, екі жұмыс I орынмен және бір жұмыс III орынмен марапатталды. Облыстық кезеңге 2 оқушы қатысып жүлделі II орынмен және республикалық кезеңнің сертификаттарымен марапатталды. Ғылыми жетекшілері Кожабаяева Б.М., Кутжанова А.А., Талтеева М.Н.

✓ 2-7 сынып оқушыларына арналған «Зерде» ғылыми жобалар конкурсының аудандық кезеңіне 1 оқушы қатысып I орынмен, облыстық кезеңнен жүлделі II орынмен марапатталды. Ғылыми жетекшісі Мамина А.И.

Оқушылар мен педагогтердің 2024-2025 оқу жылындағы жетістіктер мониторингі:

Кесте 1. Оқушылар жетістігі

Олимпиада да Байқау	Оқушының аты- жөні	Деңгейі			Сыныбы	Пәні	Пән мұғалімі
		ауд	облыс	респуб			
«Алтын сақа» 3-4 сын 5-6 сын	Ахмет Ерасыл	II			3 «Ә»	Математика	Утибаева Б.Б.
	Мұстафин Әбілмансұр	III			3 «А»	Математика	Абишева Д.С.
	Амангелді Ерәлі	III			4	Математика	Серикова Н.М.
	Нияз Жанарыс	II			5 «А»	Математика	Жуанышбаев Б.

	Берік Самал	II			5 «Ә»	Математика	Жуанышбаев Б.
«Алтын түлек»	Нұрғазина Аяжан	III			11	Математика	Желибаева Н.
	Олжабай Ақпейіл	III			10	Математика	Желибаева Н.
	Жанболқызы Сағыныш	I	III		9 «Ә»	Қазақ тілі мен әдебиеті	Мусеева М.А.
«Ауыл дарын» 9-11 сыныпта р	Есенгелді Гүлімай	I	I		9 «А»	Қазақ тілі мен әдебиеті	Мусеева М.А.
	Жақсылық Бүркіт	I			10	Қазақ тілі мен әдебиеті	Мусеева М.А.
	Әбдікәрім Арнұр	I	I	II	10	Биология	Кожабәева Б.
	Амангелді Назым	I	III	Сертификат	11	Қазақ тілі мен әдебиеті	Мусеева М.А.
	Аманбай Расул	I			11	Қазақ тілі мен әдебиеті	Кутжанова А.
	Нұрғазина Аяжан	I			11	Математика	Желибаева Н.
	Уәли Гүлшарипа	I			11	Қазақстан тарихы	Оразбек А.
PO 5-6	Нияз Жанарыс	I	III		5 «А»	Орыс тілі	Кульмағанбетов М.Ш.
	Ахмет Зейнеп	II			5 «А»	Қазақстан тарихы	Оразбек А.
	Берік Самал	II			5 «Ә»	Жаратылыс тану	Мустақова Д.
	Нияз Төлеугүл	I	III		6 «Ә»	Қазақстан тарихы	Оразбек А.
	Ошақова Аяла	III			6 «А»	Ағылшын тілі	Асқарова М.І.
PO 7-8	Көжек Аяулым	I	II	Сертификат	7 «А»	Қазақ тілі мен әдебиеті	Жантурсынова К.М.
	Әбдіманап Данияр	II			7 «А»	Ағылшын тілі	Қарағойшинов К.М.
	Әбдіманап Алдияр	III			7 «А»	Математика	Қаратаева Т.
	Олжабай Аманбек	II			7 «А»	Физика	Мустақова Д.
	Нұртаза Дәулет	II			7 «А»	География	Құтжанов И.
	Берік Меруерт	II			8 «Ә»	Биология	Кожабәева Б.
	Әбдеш Дулат	II			8 «Ә»	Орыс тілі	Кульмағанбетов М.Ш.
PO 9-11	Қосаров Қанағат	I			9 «А»	Информатика	Мамина А.И.
	Дайрабаев Бек	II			10	Информатика	Алиқаримов С.
	Берікқызы Шұғыла	III			10	Орыс тілі мен әдебиеті	Кульмағанбетов М.Ш.
	Көжек Арайлым	III			10	Қазақстан тарихы	Оразбек А.
	Олжабай Ақпейіл				10	Қазақ тілі мен әдебиеті	Жантурсынова К.М.
«Е.Шаханов» 7-8	Жақсылық Мұхаммедәли	I			7 «А»	Биология	Кожабәева Б.
	Берік Меруерт	I			8 «Ә»	Биология	Кожабәева Б.
«ProEco» 5-8	Ысқақ Аруай	I	I	Сертификат	8 «Ә»		Кулжанбекқызы А.М.

Ғылыми жобалар 8-11	Иген Жұлдызай	I	II	Сертификат	9 «Ә»	Биология	Кожабаяева Б.
	Ғалым Ләззат	I	II	Сертификат	11	Қазақ тілі мен әдебиеті	Кутжанова А.
	Кентай Ардана	III			10	Физика	Талтеева М.И.
«Зерде» 2-7	Олжабай Аманбек	I	II		7	Информатика	Мамина А.И.

Кесте 2. Педагогтер жетістігі

Олимпиада Байқау	Педагогтің аты-жөні	Деңгейі			Пәні
		ауд	облыс	респуб	
«Алтын тұғыр»	Темешбаева Р.Е.	III			Математика
«Invent-жоба»	Оспан А.Б.	II			

✓ Әдістемелік жұмыс жоспары аясында әдістемелік бірлестіктердің оқушылардың функционалдық білік - дағдыларын арттыру мақсатында қыркүйек айында «Тілім менің ғасырларға аманат», желтоқсан айында «Спорт пен өнер – егіз ұғым», ақпан айында «Жаратылыстану ғажайыптары», сәуір айында «Жаңа заман – жаңа технология» тақырыптарында мазмұнды пән апталықтары жоспарлы түрде өткізілді.

✓ Ақпан айында әріптестермен және серіктес мектептермен заманауи білім беру жағдайында педагогтер мен оқушылардың сандық сауаттылықтарын дамыту бағытындағы биология және химия пәндерінен «Заманауи сабақты жоспарлаудағы тиімді әдіс-тәсілдер мен технологиялар» тақырыбындағы аудандық семинар жоғары деңгейде ұйымдастырылып өткізілді. Шағын жинақты мектептерімізге қолдау бағытындағы оқу-әдістемелік іс-шаралар алдағы уақытта да жалғасын таппақ.

✓ ЖМ жұмыс жоспарының зерттеушілік бағыты аясында «Пәндік дағдыларды дамытуды қалай жақсартуға болады?» сұрағы төңірегінде оқуды жақсарту, білім сапасын арттыру және педагогтердің кәсіби әлеуетін көтеру мақсатында LS зерттеу сабақтары 17.11-17.12 аралығында 3 сыныпта қазақ тілі мен әдебиеті, 6-7 сыныптарда Қазақстан тарихы пәндері бойынша өткізілді. Зерттеу тобы жүйелі жұмыс жасап, өзара әдістемелік қолдау, іс-тәжірибе алмасу мақсатындағы тиімді кері байланыс жүзеге асты.

✓ Облыстық «Педагогикалық шеберхана», «Қузық сабақ», «Педагог-волонтер», «Репетитор оқушы» жобалары аясында оқу-тәрбие бағытындағы іс-шаралар жоспарлы түрде өткізілді.

Оқу-тәрбие саласындағы ғылыми - әдістемелік бағыт бойынша атқарылған жұмыстардың есебі мен ақпараты мектебіміздің әлеуметтік желілердегі парақшаларына жүйелі түрде жарияланып, мониторингі жүргізіліп отырады. Алдағы уақытта да жетекші мектеп жұмысын жандандыру, облыстық, республикалық деңгейдегі іс-шараларға ықпалдастыру мақсаты басымдығын жоймайды.

Орындаған ДҒӘІЖО:

А